

Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 10 "Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 52 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қаңтарда № 5206 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № 141 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 20.03.2018 № 141 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 386 - бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 10 "Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4870 санымен тіркелген, 2016 жылғы 26 мамырда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес он есеге жоғарылатылсын."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байғанин аудандық
мәслихатының сессия төраға
Е.Илиясов

Байғанин аудандық мәслихатаның
хатшысы
Б.Турлыбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК